

Ұлттық мұра – ұлы құндылығымыз

Әр бір ұлт - болмысы, тілі мен діні, салт дәстүрі мен мәдениеті арқылы ерекшеленбек. Ертеден мұра болып қалған ұлттымыздың ұлы құндылықтары тарихпен біте қайнасып бүгінгі күнге жетті. Ендігі біздің міндет - ортаға ойыс салмай сол салт дәстүрлеріміз бен мәдениетіміздің маңызын жоғалтпай жас ұрпаққа дәріптеу.

Қазақ халқы ертеден салт дәстүрлерімен, көшпелі мәдениетімен ерекше. Әрбір жоралғының астары үлкен мағынаға ие. Дін мен тілдің, салт пен сананың ұштасқандығы айрықша мәдениеттің үлгісі. Ата бабаларымыздың сан ғасырлар бойы армандаған еркіндігі, әлем тарихында ұлт болып қалыптасуымыздың өзі, елдігіміздің бірлігіміз бен білектілігіміздің арқасы.

Дархан даланың кендігіндей халқымыз салт-дәстүрге бай. Ұлт пен ұлттың бір-бірінен айырмашылығын осы байлыққа қарап ажыратуға болады. «Дәстүрдің озығы бар, дәурені өткен тозығы бар», - деген сөз бар халқымызда. Заман дамыған сайын, ұлттық дәстүр де жаңаша сипат табады. Көнерген деп әр салтты шетке ысыра беретін болсақ, ұлттық құндылықтың қадірі кетеді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Біз тәуелсіздікпен бірге тілімізді түлеттік, дінімізді өркендеттік, тамырымызды жалғап, салт-дәстүрімізді жаңғырттық», - деген сөзі бар. Ата-бабаларымыздан келе жатқан дәстүр – ұлттық болмысымыздың көрінісі. Сол үшін, келер ұрпақ атадан қалған малды емес,

сөзді, дәстүрді қадірлеп, оны ары қарай жаңаша үлгіде түлетсе екен деген тілек бар. «Салтын сақтаған ел жойылмайды» дейді дана халқымыз. Атадан көргенді қайталау ұят емес, оны біліп тұрып істемеу ұят болар.

Халқымыз үшін ең маңызды құндылық, әрине, ұшы-қиыры жоқ ұлан-байтақ жеріміз, көрсе көз сүйсінер табиғатымыз. Осы қасиетті мекенді қорғап қалу үшін біздің ата-бабаларымыз қаншама қан мен тер төккені баршамызға мәлім. Біздің айтпағымыз, мейлі, көлемі жағынан жер-жүзін толық



қамтитын ұлан-ғайыр жер болсын, мейлі, ұлтарактай ғана бір елді-мекен болсын, аталарымыз осы киелі жерді жан ұшыра қызғыштай қорғады. Себебі олар елін, жерін қорғау – аса маңызды да абыройлы міндет екенін жақсы түсінді.

Ұлт зиялылары болған Ахмет Байтұрсынұлы тіліміздің тірегі, Алихан Бөкейханов Алаш үкіметінің негізін қалаушы,

казактан шыққан тұңғыш академик Қаныш Сәтбаев жер асты байлықтарының зерттеушісі, міне осындай ұлылар салған іздің ізгіліксіз болуы мүмкін емес.

Қазақ жерінің жер асты байлықтарының өзі бір құндылық. Мұнай мен мыс, уран өндіріс саласы бойынша Қазақстан әлем бойынша алдыңғы елдер қатарында. Міне осы жер асты байлығының зерттелуіне орасан үлесін қосқан геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті профессор, академик

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Жер астыда жер үстінде біз үшін қалған баға жетпес мұра. Оны осы қалпында жаңа заман жастарына табыстау біздің адамдық борышымыз. Мағжан сенген «Жастар» сіз бен біз екенін ұмытпауымыз тиіс.

Сөзіміздің түйіні, ұлтты – отбасы ұғымының ұлғайған түрі деп түсінеміз. Сондықтан, ошағының басында тілі мен ділі, діні мен дәстүрі дәріптелмеген ұрпақтың ұлт туралы ойы да шолақ болмақ. Мұхтар Шахановтың: «Адам қанша болғанымен дарынды әрі табанды, Туған жерін сүймей тұрып сүймек емес ғаламды» деген өлең жолдары осы ойымызды қуаттап тұрғандай.

**Аружан ТҰРДАЛЫ,
Жаңаарқа аудандық С.Сейфуллин атындағы
ОКЖ-нің Оқырмандарға қызмет көрсету
бөлімінің кітапханашысы**